



010000, Астана қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
тел.: 8(7172) 98 31 63
e-mail: mps@mps.gov.kz

010000, г. Астана, пр. Кабанбай Батыра 32/1
тел.: 8(7172) 98 31 63
e-mail: mps@mps.gov.kz

№ _____

2024 жылғы 24 сәуірдегі
№ ДС-180 сауалға

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

Құрметті депутаттар!

Сіздің жаңа жеңілдікті ипотекаға қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Отбасы банк ағымдағы жылдың мамыр айында жаңа жеңілдікті бағдарламаны іске қосты. «Наурыз» бағдарламасы бойынша өтінімдер **2024 жылдың 25 сәуірінен** бастап қабылдануда. Қабылдау мерзімі екі ай, 30 маусымды қоса алғанға дейін. Өтінімдерді Электрондық цифрлық қолтаңба арқылы **Баспана маркет порталында** беруге болады. Осылайша, су тасқынынан зардап шеккен азаматтар осы ипотекалық бағдарламаға қатыса алады.

Бүгінгі күні «Наурыз» бағдарламасы бойынша 17 853 өтініш қабылданды, 3 142 өтініш бас тартылды, 7 750 өтініш жұмыста.

«Наурыз» бағдарламасына барлық қазақстандықтар, оның ішінде тұрғын үйге кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарының өкілдері, жұмыс істейтін жастар, жас отбасылар, тұрғын үй төлемдерін алушылар, Отбасы банкінің салымшылары, моноқалалардың, аудан орталықтары мен ауылдық елді мекендердің тұрғындары қатыса алады.

Бағдарламаның шарттары әлеуметтік осал азаматтар үшін жылдық 7%, қалған санаттағы азаматтар үшін – 9% мөлшерлеме бойынша беріледі. Қарыздар бастапқы тұрғын үйге (Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және облыс орталықтарында) кемінде 20% бастапқы жарнамен, оның ішінде үлестік қатысу шарттары бойынша берілетін болады.

Сондай-ақ, моноқалалар мен ауылдық елді мекендердегі қайталама тұрғын үйлерге, бірақ жылына бөлінген қаражаттың жалпы көлемінің 30% - дан аспайды.

Бірінші жылы 300 млрд.теңге сомасына **12 мың қарыз** беру және одан әрі жыл сайын 200 млрд. теңгеден (8 жыл) **8 мың қарыз** беру жоспарлануда.

Осылайша, 8 жыл ішінде 1,7 трлн теңге сомаға **68 мың қарыз** берілетін болады.

Қарыз беру үшін қаражат нарықтық шарттарда тартылатын болады, өз кезегінде мемлекет Отбасы банкінің сыйақысының купондық мөлшерлемесін субсидиялайтын болады.

Ипотекалық бағдарламаны әзірлеу кезінде мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесіп пайыздық мөлшерлеме, кредиттеу мерзімі, қарыз алушыларға қойылатын талаптар, сақтандыру және басқа да шарттар сияқты негізгі факторлар ескерілді. Бағдарлама жылжымайтын мүлік нарығы мен қарыз алушылардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне бейімделген.

Жаңа ипотекалық бағдарламаның арқасында тұрғын үйге қол жетімділік, құрылыстың өсуі және тұрғын үй нарығына байланысты тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді тұтынудың артуы арқылы экономиканы ынталандыру артады. Бұған қоса, ипотекалық бағдарламалардың болуы қаржылық сауаттылықты нығайтуға ықпал етеді және халықтың жиналуын ынталандырады.

Су тасқынынан зардап шеккен азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге қатысты.

Су тасқынынан зардап шеккен азаматтардың тұрғын үй мәселелерін жедел шешу үшін мыналарды көздейтін қосымша тетіктер әзірленді:

- дайын тұрғын үй сатып алу (жаңа немесе қайталама тұрғын үй);
- зардап шеккендердің сатып алатын тұрғын үйлерді өздерінің таңдау мүмкіндігі;
- әкімдіктің мердігерлерімен жөндеу жұмыстарын жүргізу немесе жөндеу жұмыстарын өз бетінше жүргізу;
- ЖАО жобаларын және уәкілетті органның типтік жобасын қолдану мүмкіндігі.

Зардап шеккен саяжай объектілерінің меншік иелерін, егер бұл олардың жалғыз тұрғын үйі болса, тұрғын үймен қамтамасыз ету көзделген.

Су тасқынынан кейінгі зардаптарды уақтылы жою мақсатында Министрлік жанынан Жедел штаб құрылды.

2024 жылғы 17 мамырдағы жағдай бойынша **18 990** тұрғын үй оның ішінде саяжай объектілері зардап шеккен. **199** тұрғын үй су астында қалуда. **7 100** объект бойынша техникалық тексеру нәтижелері бар (*зардап шеккен тұрғын үйлердің жалпы санының 37%*).

Келтірілген залалды өтеу үшін тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мынадай түрде қолдау көрсету туралы шешім қабылдады:

- **1 804** тұрғын үй объектілерінің құрылысы;
- Жылжымайтын мүлік нарығында **1 116** тұрғын үй сатып алу;
- **4 180** объектіні жөндеу.

Су тасқынынан зардап шеккендерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында өңірлердің әкімдіктері **223** тұрғын үй сатып алды. **812** үйдің құрылысы және **677** үйге жөндеу жұмыстары басталды.

Министрлік жедел шешуді талап ететін мәселелерде әдістемелік көмек көрсету проблемаларын талқылау бойынша өңірлермен тұрақты негізде кеңестер өткізуде.

**Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
министрі**

Қ. Шарлапаев

*Орынд Нұрсеитова А.Е.,
тел. 576171
E-mail: anar.nurseitova@mps.gov.kz*

Тізім

**Жалпыұлттық социал -
демокартиялық партиясы
фракциясының мүшелері**

**Н. Сайлаубай
Н. Әуесбаев
А. Рақымжанов
А. Сағандықова**

**«Қазақстан Халық партиясы»
фракциясының мүшесі**

К. Сейтжан

**«AMANAT» партиясы
фракциясының мүшелері**

**С. Мусабаев
Ж. Амантай**